

**ХАСАНОВА ДИНАРА ,
ИСЛАМОВА МИЛАНА
ЖҰМЫСЫ**

Тілде бұрыннан бар сөзді термин ретінде дайын қалпында пайдалану терминдену делінсе, оған қарама-қарсы процесс, яғни терминнің терминологиялық жүйеден тыс қолданылып жалпылық сипатқа ие болуы – бейтерминдену (детерминологизация) деп аталады.

Термин өзінің терминге тән қасиеттерін өзі қатысты болатын терминологиялық өріс ішінде, ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерде толық сақтай алады. Осы арнаулы ортадан тыс қолданылуы терминді елеулі өзгерістерге ұшырататып, оның бейтерминденуіне жол береді.

Тілдің осы екі жүйесінің арасындағы байланыс жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминдену барысында болатын семантикалық өзгерістер (сөз бен терминнің семалық құрылысын салыстыру арқылы) тұрғысынан және жүйеаралық омонимдер туындауы негізінде жасалынады. Мұның барлығы жалпыхалықтық тіл негізінде термин жасаудың маңыздылығын айқындау мен терминдену процесінің өзіндік ерекшеліктерін көрсету үшін өте қажет.

- Жалпыхалықтық тіл — белгілі бір халықтың (этностың) ауызекі сөйлеу тілінде кен қолданылатын, жұмсалып өрісінде стильдік шек қойылмайтын тіл. Жалпыхалықтық тіл бір тектес тілдік ұжымның тілі ретінде қалыптасады, тіл құрылысы жағынан ол ұлттық тілдің негізі болып табылады. Жалпыхалықтық тіл – терминологиялық
- лексиканы құраудың ішкі көзі. Жалпы лексика
- мен арнаулы лексиканың арасындағы
- байланысты, олардың ұқсас жақтары мен өзіндік
- ерекшеліктерін анықтауда терминдену жолымен
- жасалған терминдер мен олардың туындауына
- негіз болған сөздердің семалық құрылысына
- талдау жасаудың мәні зор.

1 Мысал

	Науа жалпы қолданыста	Науа (тигель) терминологияда
Анықтамасы	малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астау	Стаматологияда пломба жасарда ұнтақ пен сұйықтықты бір- бірімен қосып керекті материалды дайындайтын, емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланылатын ыдыс

<p>Айырмашылықтары</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● көлемі: ұзын, көлемі үлкен; ● қызметі: малға жем, су беру үшін пайдаланылады; 	<ul style="list-style-type: none"> ● көлемі: көлемі шағын, ұзын емес; ● қызметі: адамның тісін емдеуге қажетті қоспаны дайындау үшін емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланылады;
------------------------	--	--

<p>Ұқсастықтары</p>	<p>екеуіне де ортақ, олардың басын біріктіріп тұрған жалпылаушы сема – ыдыс семасы</p>	
---------------------	--	--

2-мысал:

Түнек Лексикологияда	Түнек Терминологияда	Түнек Диалектологияда
<ul style="list-style-type: none">• көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық• ел басына түскен ауыртпалық, қайғықасірет.	тұрақты баспанасы жоқ жануарлардың (бұғы, доңыз, қоян т.б.) тынығатын орны.	жайлаудағы қой түнеп өтетін орын (жоғалған қозыларым түнекте жатып қалыпты).

Айырмашылық
тары

- көлемі:
ұзын, көлемі
үлкен;
- қызметі:
малға жем, су
беру үшін
пайдаланылады
;

- көлемі:
көлемі шағын,
ұзын емес;
- қызметі:
адамның тісін
емдеуге
қажетті
қоспаны
дайындау
үшін емдік
жұмыстар
жүргізуге
пайдаланылады
;

Ұқсастықтары

екеуіне де
ортақ, олардың
басын
біріктіріп
тұрған
жалпылаушы
сема – ыдыс
семасы

ЕКІ ҰҒЫМ АРАСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІК –

- БІРІНШІДЕН, ТЕРМИННИҢ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДІҢ АРНАУЛЫ САЛАҒА КӨШІП ТЕРМИНДЕНУІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАНДЫҒЫН,**
- ЕКІНШІДЕН, ЕКІ СӨЗДІҢ (ТЕРМИН МЕН ДИАЛ.) МАҒЫНАЛАРЫН ҚҰРАУШЫ СЕМАЛАРДЫҢ ОРТАҚТЫҒЫ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ,**
- ҮШІНШІДЕН, ТІЛДІҢ ЕКІ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН КӨРСЕТЕТІН ФАКТОР.**

**ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТІЛДЕГІ СӨЗДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ
ТЕРМИНДЕНУІ
АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕРДІҢ АРАСЫНДА
МАҒЫНАЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТАР САҚТАЛУЫНА, ТІПТІ ОЛАРДЫҢ БІР ҒАНА
ҰҒЫМДЫ
БІЛДІРЕТІНДІГІНЕ ҚАРАМАСТАН, МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ
ТОЛЫҚ СӘЙКЕС
КЕЛМЕУІ ДЕ ҚАРАПАЙЫМ ҰҒЫМ МЕН ҒЫЛЫМИ (НЕМЕСЕ
АРНАУЛЫ) ҰҒЫМ
БЕЛГІЛЕРІНІҢ СӘЙКЕСПЕУІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ЕРЕКШЕЛІК
ЕКЕНДІГІН
АЙТПАСҚА БОЛМАЙДЫ.**